

ЖШС “Orhun Medical (Орхун Медикал)” медициналық ұйымы сайтының құпиялылық саясаты

Күшіне ену күні: 04.08.2025

1. Кіріспе

Біз Сіздің жеке өміріңіздің құпиялығын құрметтейміз. Осы Құпиялық саясаты <https://www.orchun.kz> сайты арқылы алынатын жеке деректерді жинау, сақтау, пайдалану және беру тәртібін реттейді және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес әзірленген.

2. Біз қандай деректерді жинаймыз

Біз төмендегідей деректерді жинай аламыз:

- Аты-жөні, телефон нөмірі, электрондық пошта (email), ЖСН (қажет болған жағдайда);
- Сіз ерікті түрде ұсынған медициналық ақпарат;
- Техникалық деректер: IP-мекенжай, құрылғы түрі, браузер, cookie файлдары және лог-файлдар.

Деректер келесі жағдайларда жиналады:

- Сіз қабылдауға жазылған кезде;
- Кері байланыс нысаны арқылы жүгінген кезде;
- Сайттағы чат немесе сайттың басқа да қызметтерін пайдаланған кезде.

3. Деректерді өңдеу мақсаттары

Жеке деректер келесі мақсаттарда өңделеді:

- Медициналық қызметтерді ұйымдастыру үшін;
- Сізбен байланыс орнату үшін (жазбаны растау, еске салу және т.б.);
- Тексеру нәтижелерін жіберу үшін;
- Қызмет көрсету сапасын бағалау және жақсарту үшін;
- Тікелей маркетинг жүргізу үшін (сіздің келісіміңізбен);
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін.

4. Деректерді өңдеудің құқықтық негіздері

- Пайдаланушының ерікті келісімі;
- Қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді орындау;
- Заңнама талаптарын орындау;
- Пайдаланушылар мен компанияның құқықтары мен мүдделерін қорғау.

5. Сақтау және қауіпсіздік

Сіздің деректеріңіз:

- Қорғалған ақпараттық жүйелерде сақталады;
- Техникалық және ұйымдастырушылық шаралармен қорғалған (соның ішінде SSL шифрлауы, қол жеткізуді бақылау, аудит жүргізу);
- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сіздің келісіміңізсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.

6. Пайдаланушылардың құқықтары

Сіз келесі құқықтарға иесіз:

- Өз деректеріңіз туралы ақпарат сұратуға;
- Оларды өзгерту немесе жоюды талап етуге;
- Деректерді өңдеуге берген келісіміңізді қайтарып алуға;
- Деректерді өңдеуді шектеуге немесе оған шағым жасауға;
- Қазақстан Республикасының уәкілетті органына шағым беруге;
- Жарнамалық және ақпараттық хабарламаларды алудан бас тартуға (хаттағы сілтеме арқылы немесе marketing_dep@orhun.kz мекенжайына сұрау жіберу арқылы).

7. Cookie файлдары және үшінші тарап қызметтері

Біз сайттың жұмысын талдау және жақсарту мақсатында cookie файлдарын қолданамыз. Сіз өз браузеріңіздің баптаулары арқылы cookie файлдарын өшіре аласыз. Кейбір үшінші тарап қызметтері (мысалы, байланыс провайдерлері) өздерінің саясаттарына сәйкес деректерді жинауы мүмкін.

8. Пайдаланушының келісімі

Сайттағы форманы толтырып, “Жіберу” батырмасын басу арқылы, осы Күпиялық саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Сіз “Orhun Medical (Орхун Медикал)” ЖШС-не өзіңіз көрсеткен жеке деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға және беруге ерікті түрде және толық хабардар бола отырып келісім бересіз. Бұл деректерге мыналар жатады:

- Аты-жөні, телефон нөмірі, электрондық пошта, ЖСН, шағымдарыңыз/белгілеріңіз, чаттағы немесе кері байланыс формаларындағы хабарламалар, сондай-ақ техникалық деректер (IP, cookie файлдары және т.б.).
- Деректерді өңдеу мақсаты: Тіркеу, кеңес беру, қабылдауға жазу, байланыс орнату, көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру.
- Бұл келісім жазбаша түрде қайтарып алынғанға дейін жарамды болып саналады.

Келісім беруден бас тартқан жағдайда сайттың кейбір қызметтерін (мысалы, қабылдауға онлайн жазылу) пайдалану мүмкін болмайды.

9. Байланыс

“Orhun Medical (Орхун Медикал)” ЖШС

БСН: 150240016568

Электрондық пошта: info@orhun.kz

Телефон: +7 776 000 2814

10. Саясатты жаңарту

Біз құпиялық саясатымызды уақыт өткен сайын жаңартып отыруымыз мүмкін. Жаңа нұсқасы егер өзгеше көрсетілмесе, сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.